

- | | |
|--|--|
| <p>5. Щур И.П., Щур О.П., Щур В.П. Бодибилдинг и фитнес. Ростов-на-Дону, «Фитнес», 2004.</p> <p>6. Карпей Э. Энциклопедия фитнеса. М., 2003.</p> <p>7. Харт Л., Непорент Л. Энциклопедия идеальной женской фигуры. Ярославль, «Гринго», 1995.</p> <p>8. Ким Н. Фитнес и аэробика Натальи Ким. М.: Рипол Классик, 2001.</p> <p>9. Керони С., Рэнкен Э. Оформление тела со свободными отягощениями. М., 2000.</p> <p>10. Руненко С.Д. Фитнес: мифы, иллюзии, реальность. М.: «Советский спорт», 2005.</p> <p>11. Зорина И.В. Фитнес. Стратегия успеха в личной жизни. М., «Олма-пресс», 2002.</p> <p>12. Тактическая энциклопедия. Фитнес для современной женщины/Пер. с англ. – М., «ЭКСМО», 2004.</p> <p>13. Кеннеди Р., Гринвуд-Робинсон М. Фитнес тренинг. «Медиа спорт». 2000.</p> <p>14. Бэчли Т. Гроувз Б. Идем в фитнес-клуб! «ЭКСМО», 2003.</p> | <p>15. Гусев и.Е. Бодибилдинг «Гармония тела и духа»/М.: АСТ. Мн.: Харвест, 2005.</p> <p>16. Вейдер Б., Вейдер Д. Классический бодибилдинг. М.:Изд-во «ЭКСМО», 2003. – 432 с.</p> <p>17. Хмельницкий Б.Н. Бодибилдинг и не только. М.: Изд-во «ЭКСМО»: Днепк: Изд-во «Скиф», 2004.-352 с.</p> <p>18. Глузман Л.С. Тренажеры в оздоровительной физической тренировке. Киев «Высшая школа», 1990.</p> <p>19. Шилов И.А., Сарапаниди П.И., Ташлыков В.С. Характеристика оборудования и методика организации занятий атлетической гимнастикой. Костанай, 1998.</p> <p>20. Гипозберг С., Непорент Л. Фитнес. Пер. с англ., М.: Издательский дом «Вильямс», 2000.</p> <p>21. Зорина И.В. Фитнес. Стратегия успеха в личной жизни. – СПб: Издательский дом «Нева», М: «Олма-Пресс», 2002.</p> <p>22. Практическая энциклопедия. Фитнес для современной женщины / пер. с англ. М.: изд-во «Эксмо», 2004.</p> |
|--|--|

Альтанова Д.Ж., магистрант
Костанай мемлекеттік педагогикалық институты

СӨЗ ТІРКЕСТЕРІНДЕГІ СЕПТІК ЖАЛҒАУЛАРЫ МЕН ШЫЛАУЛАРДЫҢ СИНОНИМИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Сөз тіркестерінің синонимикасында басыңқы сыңарлардың бір түбірлі болу керектігін ескерсек және бағыныңқы сыңар қызметіндегі сөздер де бір түбірлі болып, соңғыларының тұлғалары әр түрлі болатындығына көз жеткізсек, синонимдік қатар жасаушы сөз тіркестерінің мазмұн-мағынасы жақын болады.

Сөз тіркестері синоним болу үшін бағыныңқы сыңардағы грамматикалық тұлғалардың орын ауыстыру тәртібі мынадай болып келеді:

- а) септік жалғаулары мен септік жалғаулары;
- б) көмекші есімдер мен көмекші есімдер;

в) септік жалғаулары мен көмекші есімдер.

Бұлардың ішіндегі ең өнімді тәсіл-септік жалғауларының бірінің орнына екіншісінің қолданылуы арқылы синоним тудыру тәсілі. Бұлай болуы септік жалғауларының сөйлем ішіндегі, сөз тіркестеріндегі қызметіне байланысты.

Атау септігі – септіктердің ішіндегі ешбір қосымша қабылдамай, септеуге алынған сөзді сол күйінде танытатын түрі. Сондықтан атау септігіндегі сөздің сол күйінде басқа септіктегі сөзбен орын алмастыруы сирек кездеседі. Мұндайда басыңқы қызметіндегі сөз есепте, сана тәрізді етістіктер болып келеді: Мен әжемді ең ба-

қытты адамдардың бірі санаймын. (С.М.). ...мен өзімді бұл жолдаспен талай жолығысқан, сөйлескен, кейде сырын түйген адамдардың біріне санаймын. (С.М.).

Сөз тіркестерінің синонимдерінің енді біразы бірыңғай зат я адамдардың бір-бірінен бөліну, даралану ұғымында құралады: Қысқасы, Абай ағамнан айырылысу мына қаралы жылда маскара болар еді. Содан Абай ағаммен айырылысудың жолын іздепті. (М.Ә.).

Меңгеру жолымен құралған синонимдердің ішінде барлығынан мол қолданылып, тілімізде көп кездесетіндері – барыс және көмектес септіктері жалғауларының алмасуы арқылы жасалған синонимдер: Палуан сырт киімін шешіп отырады да, үй ішіне түгел амандасты. (Қ.Ә.). Үй ішімен Әбдірахман тегіс Қызыл алаң ұқсайды бір тасқынға, Адам деген – адамменен дос мұнда. (Т.М.).

Бұлардың ішінде, әрине, сан жағынан алып қарағанда, күнделікті қарым-қатынасымызда көмектес жалғауы арқылы байланысқан түрі көп жұмсалады.

Синонимдік сөз тіркестерінің тағы бір тобы жалғастықты, созылықты, солар арқылы тұтастықты білдіреді. Басыңқы сыңарлары шек, жапсар, ұлас, ұштас түбірлі сөздер болып келетін мұндай сөз тіркестерінің байланысу амалы да барыс, көмектес септіктерінің жалғаулары арқылы жүзеге асады: Төңкеріліп көк аспан, Жауыртауға биіктен. Нұры еңбекке ұласқан, Күн жер төсін иіткен (Т.Ж.). Маман боп оқу бітіріп, Еңбекпен қыз кеп ұласты (Н.Ә.).

Ер, ілес етістіктерінің барыс септігін меңгергенде де, көмектес септігін меңгергенде де берер жалпы мән-мағынасы бір, яғни «көзге түртіп тұрған» ерекшелік білінбейтін сияқты.

Байқай қарасақ, сәл нәзік мағынаны айыруға болады. Ол нәзік мағына мынадан көрінеді: барыс жалғауы арқылы байланысқанда, қимыл иесі-

нің әрекеті сәл де болса бәсең сезіледі. Ал бағыныңқы сыңар көмектес септігінде тұрса, қимыл иесі «ертушімен» де, «ілестірушімен» де теңге жақын әрекет жасайды: Болат пен Сержан әжесіне еріп, қала сыртына саяхатқа шықты. Еркін Мұсамен еріп алтын кеніне жұмысқа барды.

Ат, бие, тай, құнан, түйе, атан, інген дегендей, жас мөлшері мен жынысына қарай болсын немесе Құлагер, Бозжорға, Бозінген сияқты жалқы атаумен болсын – көлік ретінде айтылғанда, бұл сөздер көп ретте табыс септігінде тұрады. Әрине, бұл әрдайым осылай бола береді деген сөз емес. Жазушы я айтушының мақсатына, со сөзге түсетін логикалық екпінге, оқырман я тыңдаушының назарын аударуға байланысты барыс жалғауының жалғануы да орынды болады: Атқа міне бергенімде, біреу бүйрегімнен түртіп қалды сөйлемінде барыс септігі керек. Болмаса Олжабек «машинаға мінбеймін, атқа мінемін» деп, көнбей отырып алды деген сөйлемді алатын болсақ, мұнда барыс септігінің қажеттігі тіпті арта түседі. Алдыңғы сөйлемде таза объектілік емес, кішігірім болса да, беталысты білдіретін мағына да аралас. Соңғы сөйлемнің ыңғайына қарасақ, прозалық сөйлем болғанымен, ырғақ сақтау ниетінен барыс септігі араласқан.

Тілімізде түсін сөзі басыңқы компонент қызметіндегі синонимдік сөз тіркестері өте көп ұшырасады: Мен жаңа не айттым, соған ойлана бір қарасаң, мендегі жан сырына өзің де түсінерсің. Сонда сенің сырынды ішпен тілсіз түсіндім. Сен менің кешегі айтқанымға түсіндің бе? (Ә.Ә.). Сөзге түсінбесең, енді қайтып бұл сөзді маған айтпа (С.Ш.). Оның «аксакальский» деген сөзін түсінбей қалғандар көп болды (М.Ә.). Сондықтан естен танған кісідей, қалды ол кенет еш нәрсеге түсінбей (С.М.).

Одан әрі жалғастыра беруге болар еді. Мақсатымыз мұндай мысалдардың санын көрсету емес. Бұлар-

дың мазмұн ұқсастығы мен тұлғалық ерекшеліктері сырттай да көрініп тұр. Ішкі айырмашылық стильдік жағында, келтірілген тұлғалардың қай-қайсысын да бір мақсатқа пайдалануға болады. Бірақ тындаушы мен оқырманды жалықтырмас үшін, стандарт, штамптан қашу үшін әр форма қолданылады.

Енді бір етістікті сөз тіркестері кәсіпті, құмарлықты білдіру ыңғайында синонимдік сәйкестік құрайды. Мұндай қатынастағы сөз тіркестерінің біреуі барыс жалғауы арқылы көп ұшырасса, енді біреулерінде көмектес жалғауының қызметі басым. Мысалы, әуес бол, үйір бол етістіктері барыс септігін, айналыс, шұғылдан тәрізді етістіктер бағыныңқы есім сөздердің көмектес септігінде тұруын қалайды. Жазушы Е.Домбаев «Болмаған оқиға» атты повесінде іспен айналысу деудің орнына іске айналысу деп бұра қолданған: Шыбынның іске айналысқанын көз қиығымен ішіп-жеп отырған Әбекең оң қолын барынша созады да, бар пәрменімен шыбынды салып кеп қалды.

Алайда белгілі сөз шеберлерінің шығармаларында, дағдыдан тыс болса да, септік тұлғалар жарасымды, нанымды орын тапқан: Менің ол кезде өлең шығаруға әуестеніп жүргенім рас та (С.М.). Мен осы атшыдан да кеңес ақынын шығару мақсатымен онымен үйір бола бастадым (С.М.).

Грамматикалық қызметі жағынан жай (жайынан), жөнінде, жағы, маңы шылаулары мен көмекші есімдері де туралыға жақын тұрады: Бұлар осылайша Балғын жайын әңгімелеп отырған кезде, сырттан Кенженің даусы шықты (С.Б.). Біздің жазған хаттарымыз бен біздің жұмыстарымыз жайында хабардар болып отырған (А.М.).

Осындай реттерде бұл шылауларды туралы – мен ауыстыруға болады. Септік жалғауларының ішінде туралы-мен алмастыруға «көне-

тіні» табыс септігі жалғауы екендігі белгілі.

Туралы шылауымен орын ауыстырудағы ыңғайлы шылаулар болуға тиіс жерлерде табыс септігі жалғауы түсіп қалатын реттер де кездеседі: Мақаш сияқты сөзуар шалдар қала әңгімесіне келгенде тұрып қалады (Ғ.М.). Түркістанның қазақтары мен Арқа қазақтарын қосу мәселесі қозғалып жүр. Тамақ мәселесінен басталған ырың-жырың аяғы жанжалсымақтау болып кетті (С.М.).

Мұндай құбылыс есімді сөз тіркестерінің құрамында әсіресе көзге түседі. Қала туралы (жайлы, жөнінде), әңгіме, қосу, (туралы, жайлы, жөнінде) мәселе деудің орнына изафеттік құрылыс негізінде алуы жазушының сөздерді ықшамды қолдану мақсатынан туған.

Атау септігіндегі «туралы» шылауы қимыл есіммен түйдекті тіркес құрап, белгілі бір пікір, зат, іс-әрекет жөнінде баяндайды. Негізінен «туралы», «жөнінде», «жайлы» шылаулары мағына жағынан толық синонимдес болғанымен, олардың жұмсалу қызметінде айырмашылықтары бар. «Туралы» шылауы негізінен газет-журнал, іс-қағаздар стилдеріне тән болып келсе, «жайлы», «жөнінде» шылаулары көркем әдебиет тілінде молынан көрініс береді.

Проф. А. Ысқақовтың «туралы» қатысқан түйдекті топты: айт, жаз, сұра, баянда, сөйле т.б. дегендермен мағыналы синтаксистік байланысты болатындығы жайында айтады. Ал «Қазіргі қазақ тілінің» академиялық басылымында негізгі сөздер мен осы демеуліктердің тіркесі сөйлемде айтылған ойдың бағытын, бағдарын білдіреді делінеді.

Жалпы тілші ғалымдар арасында шылаулардың есім, етістік сөздерімен тіркесуі жөнінде пікір таластар бар.

Қ.Қадашева «Көмекші сөзді сөйлем мүшелері» деген диссертациялық еңбегінде «жөнінде, жайында, туралы» шылаулары өзінен бұрынғы сөз-

дің сен туралы, сіз туралы, сен жайында бірде табыс септігінде жалғанып, бірде ондай сөздерге табыс септігінің жалғауларын жалғауға болмайтындығы жағы айқындалады.

Х.Арғынов, Ш.Х.Сарыбаев «туралы, жайында, жөнінде» шылаулары өзінен бұрынғы сөздердің атау тұлғасында тұруын қажет етсе, ал Н.Сауранбаев, Ғ.Әбуханов ондай шылаулы сөздер тек толықтаушы сөздермен келеді деп олардың синтаксистік жағын негізге алады. [4;125]

Ондай қатысты сөздер толықтаушының қай түрі болатындығы туралы проф. Р.Әміров «туралы, жөнінде» сөздері табыс септігінде түйдекті жұмсалатындығын көрсеткен.

Проф. М.Балақаев ондай түйдекті тіркестердің етістікке қатыстылығы туралы былай деген: «Тура толықтаушы шылау сөз арқылы да айтылады деген пікірді біз де қолдаймыз. Ол қатысты объекті мынадай бірнеше етістіктермен тіркесе алады: ойлау, айту, баяндау, хабарлау, жариялау» т.б.

Ал іс қағаздары тілінде қолданылатын қабыса байланысқан анықтаушының қатынаста жұмсалатын тек

«туралы» шылауы ғана. Негізінде туралы шылауы да қимылмен тіркесіп, объектілік қатынаста жұмсала алады. Бірақ «жөнінде, жайында» шылауларына қарағанда нөлдік тұлғада жұмсалыуына байланыста тіркесу аясы кең. Олар тек толықтаушы қызметінде ғана емес, қимыл есімдермен қабыса байланысқан сөз тіркестерін құрайды.

Сөйтіп, объектілік қатынастағы сөз тіркестерінің синонимдігі – қазіргі қазақ тілінде бар және дамып келе жатқан құбылыс. Оның жасалу мүмкіндіктері мол.

Сөз тіркестері синонимдерінің күннен-күнге дамып, өсіп келе жатқанын, күнделікті қатынаста зор пайдасы барын атап айтуға тура келеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Шәукенов Қ. «Синтаксис» Алматы – 1996.
2. Қазақ тілінің грамматикасы I бөлім Алматы -1995.
3. М. Серғалиев «Етістікті сөз тіркестерінің синонимиясы» Алматы -1991.
4. Қазақстан жоғары мектебі 2002 ж. №2
5. Қазақ тілі мен әдебиеті 2000 ж. № 6

Әбдібекова Ұ.Т.

Сұлтан Баймағамбетов атындағы мектеп-гимназиясы, Әуликөл ауданы

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – ҚАЗАҚТЫҢ РУХАНИ КӨСЕМІ

Бір басында сан-салалы өнер тоғысқан, телегей-теңіз энциклопедиялық білім иесі, қайшылығы мол тартысты ғұмырында қараңғы қалың елін жарқын болашаққа сүйреуден басқа бақыт бар деп білмеген ірі тұлға, халықтың «рухани көсемі». (Мұхтар Әуезов)

А.Байтұрсынов 1873 жылы Торғай облысы, Торғай уезінде Тосын болысында туған, сүйегі Арғын, оның ішінде Үмбетей болады. Бергідегі аталары Үмбетейден шыққан Шошақ, Ахаң Шошақтың немересі. Өз әкесінің аты-Байтұрсын.

Табиғатынан аса дарынды туған талапты бала Ахмет 1882-1884 жылдары әуелі көзі қарақты адамдардан өз үйінде хат танып, артынан жақын жердегі ауыл мектебінен сауат ашады да, 1886-1891 жылдары Торғай қаласындағы екі класты орысша-қазақша училищеде, 1891-1895 жылдары Орынбордағы мұғалімдік мектепте оқып, білім алады. 1895 жылдың 1-маусымынан бастап мұғалім болады. Ақтобе, Қостанай, Қарқаралы атырабында бала оқытады, өмір, тіршілік күресіне араласады, әділет үшін күреседі, жуандарға, байларға қарсылық